

**6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Камзина Гулим Оразбаевнаның «Шығыс қазақстан облысының құмды топырақтарында минералды тыңайтқыштарды қолдануға байланысты еркекшөптің өнімділігі мен жемдік сапасы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына**

## **ШКІР**

**Жұмыстың ғылыми өзектілігі мен теориялық және практикалық маңыздығын негіздеу.**

Еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және күшті мемлекет қалыптастырудың, оның ұзақ мерзімді табысты дамуы мен экономикалық өсуінің негізгі шарттарының бірі – азық-түлік қауіпсіздігі. Абай облысының мал шаруашылығындағы өзекті мәселе – далалық жемшөп өндірісін қарқындалту негізінде іске асырылуы мүмкін арзан және жоғары сапалы жемшөп өндірісін ұлғайту. Күшті жем-шөп базасын құруда және егіншілікті биологияландыруда көпжылдық шөптер маңызды рөл атқарады, олар басқа жемшөп дақылдарымен салыстырғанда арзан, топырақтың құнарлылығына оң әсер етеді. Негізгі дәнді шөптердің бірі – жоғары өнімділікпен, жақсы жемшөп артықшылықтарымен, икемділігімен, қыста төзімділігімен, құрғақшылыққа төзімділігімен ерекшеленетін еркекшөп.

**Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, қорытындылар мен ұсыныстардың негізделу дәрежесі.**

Өртүрлі егу тәсілдерінің, себу нормаларының және минералды тыңайтқыштарды енгізудің әсерін бағалау негізінде Абай облысының құмдақ және құмды топырақтарында тарак тәрізді еркекшөптің (*Agropyron cristatum subsp. pectinatum (Bieb) Tzvel*) жоғары өнімді агроценоздарының қалыптасуын қамтамасыз ететін технологиясы әзірленді. Еркекшөп өсіру әдістеріне экономикалық баға берілді. Алынған мәліметтер мен қорытындылар күмән тудырмайды, эксперименттік және иллюстрациялық материалдармен расталады.

**Зерттеу нәтижелерінің жаңалығы мен практикалық маңыздылығы.**

Диссертанттың зерттеу барысында алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптарға сай, ізденуші ғылыми жұмыста қойылған мақсат мен міндеттерін толықтай орындаған және жұмыстың нәтижелерінің ғылыми жаңалығы, теориялық, практикалық мәні бар. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы мал азықтық және тұқымдық мақсатта жалпақмасақты еркекшөп (тарак тәрізді) дақылын өсіруде оңтайлы егу тәсілдері, себу нормалары және минералды тыңайтқыштарды енгізу технологиясын қабылдау ұсынылды, бұл аудан бірлігіне шаққанда қосымша өнім алуды қамтамасыз етті. Абай облысының құмды топырақтарында дәстүрлі өсірумен салыстырғанда, ұсынылған технологиямен өсіргенде, жемшөп пен тұқымның өнімділігі орта есеппен 25%-ға өсті.

**Диссертацияның нәтижелері мен қорытындыларының негізгі ережелерінің жариялануының толықтығына растама.**

Камзина Гулим Оразбаевнаның диссертациясы ғылыми біліктілік жұмыс мәртебесіне сәйкес келетін маңызды, қызықты және кәсіби деңгейде орындалған зерттеу болып табылады. Диссертациялық жұмыста алынған деректер 5 мақалада көрсетілген, оның ішінде 1-мақала Scopus жүйесіне тіркелген ғылыми басылымда, 3 мақала - ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған отандық басылымдарда, 1 мақала - халықаралық ғылыми-практикалық конференция, 1 патент жарияланды. Ғылыми еңбектердегі жарияланған материалдар диссертацияның нәтижелерінің жариялануының және қорытындысының толықтығын растайды.

Докторанттың дербестігін, нәтижелерінің сенімділігін, диссертацияның ішкі бірлігін және академиялық адалдығын бағалау.

Зерттеу нәтижелерінде Абай облысы «Лана» шаруа қожалығында еркекшөптің (*Agropyron cristatum subsp. pectinatum (Bieb) Tzvel*) егілу тісілі, агротехникалық шаралары, фенологиялық бақылаулар, биологиялық ерекшеліктері, минералды тыңайтқыштардың оңтайлы себу

нормасы, тұқым өңіштігі, тұқым сапасы, зерттелінді.  
Г.О. Камзинаның диссертациялық зерттеу жұмысы тәжірибелі агрономия саласындағы өзекті мәселелерді зерттеудегі жеткілікті көлемде орындалған біртұтас ғылыми еңбек. Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеудегі қойылған мақсат пен міндеттерді толық орындауға қол жеткізді, жұмыс толық аяқталған, ғылыми еңбекті қорғауға қойылатын талаптарға сай жоғары деңгейде жазылған.

**Аннотацияның диссертация мазмұнына сәйкестігі.**

Аңдатпа диссертациялық жұмыстың материалын толық қамтиды және берілген мәліметтер диссертацияның мазмұнына өзара сәйкес келеді.

**Диссертацияның 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша докторант Камзина Гулим Оразбаевна философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі және ғылыми дәреже беру ережесінің талаптарына диссертациялық жұмыстың сәйкестігі туралы қорытынды**

Жалпы, Камзина Гулим Оразбаевна «Шығыс қазақстан облысының құмды топырақтарында минералды тыңайтқыштарды қолдануға байланысты еркекшөптің өнімділігі мен жемдік сапасы», тақырыбына арналған диссертациялық жұмысының құндылығы жоғары, толықтай аяқталған ғылыми еңбек. Диссертациялық жұмыстың міндеттерінің өзектілігі, тәжірибелік материалдардың сапасы мен көлемі, зерттеу тәсілдері мен ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы жоғары деңгейде келтірілген. 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия PhD докторы дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» қойған талаптарына сәйкес келеді, сондықтан ізденуші Камзина Гулим Оразбаевна диссертациялық жұмысын ашық қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

Ауыл шаруашылығының докторы,  
ЖШС «Шығыс Қазақстан  
ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының»  
Басқарма төрағасының  
ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

 С.Сейлгази́на

Қолын растаймың  
Персонал жөніндегі менеджер



Г.Абильмажинова